

"QAZ Surgum Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Шідерті ауылдық округінің әкімінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, 71-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35, 37-баптарына сәйкес Осакаров ауданы Шідерті ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, "QAZ Surgum Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2029 жылдың 06 тамызға дейінгі мерзімге Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылының (елді мекен шегінде) аумағында орналасқан жалпы аумағы 271,5132 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "QAZ Surgum Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын толық көлемде өтеуі қажет, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын.

3. "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Шідерті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шідерті ауылдық округінің әкімі

Алдаркина А.А.

Қосымша
Осакаров ауданы
Шідерті ауылдық округі
әкімінің шешіміне
2024 жылғы " " №

Оларға қатысты жария сервитут белгіленуге жататын қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияның 2023 жылғы 07 тамыздағы № 2088-ЕЛ шекарасындағы жер учаскелерінің тізбесі

			Жария сервитут белгіленуге жататын
--	--	--	------------------------------------

р/с	Кадастрлық нөмірі	Сайттың орналасқан жері	учаскелер бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында), га
1.	09-137-038	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері	59,5740
2.	09-137-040-185	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері	198,0140
3.	09-137-040-169	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері Тайбұрыл жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ҰК	5,4540
4.	09-137-040-187	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері, Осакаров ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі ММ	6,1190
5.	09-137-040-193	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері , "KEGOC" акционерлік қоғамы	0,4812
6.	09-137-040-154	Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Шідерті ауылдық округі, Шідерті ауылының жерлері , "Kazakhmys Coal" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазакмыс Коал)	1,8710
	ВСЕГО		271,5132

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК